

Үміткердің эссесі оның ойлау және өзін-өзі көрсете білу қабілетін айқындайды, сондай-ақ үміткерді әлеуетті студент ретінде ғана емес, жеке тұлға ретінде де тануға мүмкіндік береді. Эссе Назарбаев Университетінің мектебін таңдаудың негіздемесін қамтуға тиіс, сондай-ақ:

- үміткер қол жеткіземін деп сенетін ауысу себептері мен мақсаттарын көрсету керек (ауысатын студенттер үшін);
- төменде көрсетілген тақырыптардың бірін ашу қажет (тікелей қабылдау бойынша үміткерлер үшін);
- үміткерге әсер еткен құнды тәжірибені, жетістіктерді, этикалық дилеммаларды сипаттау керек;
- жеке, жергілікті, ұлттық немесе халықаралық мәні бар проблеманы және оның үміткер үшін маңыздылығын/қажеттілігін сипаттау керек;
- үміткерге әсер еткен әдеби кейіпкерді, тарихи тұлғаны, шығармашыл немесе ғылыми тұлғаны сипаттау керек. Ол тұлғаның неліктен және қалай әсер еткенін түсіндіру қажет;
- академиялық өмірге әртүрлілікті әкелетін академиялық мүдделер аясын, жеке жоспарларды, сондай-ақ өмірлік тәжірибені сипаттау керек. Үміткер Университет қоғамдастығына қандай әртүрлілікті әкелуі мүмкін екендігін көрсететін жеке үлгілерін/жеке тәжірибесін немесе әртүрліліктің үміткер үшін мәнділігін/маңыздылығын көрсететін жағдайды келтіру керек;
- басқа еркін тақырыпта.

Эссенің көлемі 500 сөзден аспауға тиіс.